

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және ұлттық экономика министрліктерінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 14 тамыздағы № 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 20 тамызда № 36626 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және ұлттық экономика министрліктерінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және ұлттық экономика министрліктерінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 259 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10943 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

""Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу қағидаларында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Ұйымдар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне нормалау құжаттарында белгіленген нысанға сәйкес азаматтар мен персоналдың жеке сәулелену дозалары бойынша мәліметтерді жыл сайын 20 желтоқсаннан кешіктірмей (жазбаша немесе электрондық нысанда) ұсынады. Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі.

Азаматтар мен персоналдың жеке сәулелену дозаларының республикалық дерекқорын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы айқындайтын ұйым қалыптастырады."

2. "Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-234/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21736 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

""Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 50-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу қағидаларында:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу нәтижесінде туындайтын аудитор (аудиторлық ұйым) мен аудиттелетін субъект (объект) арасындағы даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес көзделген шарт шеңберінде шешіледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Аудиторлар (аудиторлық ұйымдар) жыл сайын есепті жылдан кейінгі оныншы қаңтарға халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосына Кодекстің 48-бабының 3-тармағына сәйкес жазбаша немесе электрондық нысанда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша жүргізілген аудит туралы ақпаратты ұсынады.".

3. "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

8-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жыл сайын осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген бағалау нәтижелері радиациялық объектінің радиациялық-гигиеналық паспорты нысанына жазылады және осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген радиациялық объектінің радиациялық-гигиеналық паспортын жүргізу және пайдалану тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) ұсынылады (жазбаша немесе электрондық нысанда).";

63, 64, 65 және 66-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Сипаттамалары осы Санитариялық қағидалардың 5-тармағында жазылған мәндерден асатын сәулелену көзін алған жеке немесе заңды тұлғалар күнтізбелік 15 күн ішінде бұл туралы радиациялық объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық

бөлімшелерді (жазбаша немесе электрондық нысанда) нормаланатын көрсеткіштерден асып кету жағдайы туралы (сәулелену көзінің типі, асып кету сипаттамалары мен себептері) хабардар етеді. Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.

64. Сәулелену көзін басқа радиациялық объектіге беру беруші және қабылдаушы радиациялық объекті орналасқан жердегі аумақтық бөлімшені және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органды күнтізбелік 15 күн ішінде (сәулелену көзінің типі, оның сипаттамалары, дозалық жүктемесі) (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабардар ете отырып жүргізіледі.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Сәулелену көздерін уақытша сақтауға немесе пайдалануға берген кезде қабылдау-беру актісі жасалады. Сәулелену көздерінің паспорттарының (сертификаттарының және басқа ілеспе құжаттардың) көшірмелерін қабылдайтын ұйымның есепке алуға және сақтауға жауапты адамына беріледі.

65. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының күші қолданылатын радиациялық объектіден тыс жұмыстарды жүргізу үшін сәулелену көздерін жоспарлы шығару кезінде жеке немесе заңды тұлғалар сәулелену көзін шығарғанға дейін күнтізбелік 15 күн ішінде радиациялық объекті орналасқан жердегі, сондай-ақ жұмыстарды жүргізу жоспарланған жердегі аумақтық бөлімшелерді (сәулелену көзінің типі, оның сипаттамалары, дозалық жүктемесі) (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабардар етеді.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.

66. Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыстар тоқтатылған кезде жеке және заңды тұлғалар күнтізбелік 15 күн ішінде бұл туралы радиациялық объекті орналасқан

жердегі аумақтық бөлімшелерді (сәулелену көзінің типі, оның сипаттамалары, дозалық жүктемесі) (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабардар етеді.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Жеке және заңды тұлғалар сәулелену көзін алған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде және одан әрі жыл сайын желтоқсанның 1-нен 30-на дейінгі кезеңде сәулелену көздеріне түгендеу жүргізіледі.

Иондаушы сәулелену көздерін ұрлау немесе жоғалту анықталған жағдайда 24 сағат ішінде (анықталған сәттен бастап) көздің типі, оның сипаттамалары туралы аумақтық бөлімшеге және атом энергиясын қолдану саласындағы уәкілетті органға дереу (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабарлайды.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Тасымалдаушылар жүзеге асыратын сәулелену көзін қайта тиеу тұрғын үйлерден, ойын-сауық, мәдени-ағарту, оқу, мектепке дейінгі, емдеу және емдеу-сауықтыру мекемелерінен 1000 метрден жақын емес қашықтықта орналасқан қатты жабыны бар алаңда рұқсат етіледі. Елді мекендердің шегінде радиоактивті сәулелену көздерін қайта тиеуге жол берілмейді.

Қайта тиеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу "А" тобының персоналына жатқызылған адамдармен жүзеге асырылады, алаңда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

Сәулелену көзі қаптамасында саңылау пайда болуына жол бермеу мақсатында барлық тиеу процестері барынша механикаландырылып, тікелей бір көлік құралынан екіншісіне жүзеге асырылады.

Сәулелену көзін қайта тиеу жұмыстарын жүргізу сәтіне кемінде үш тәулік қалғанда, жүк тасымалдаушы қайта тиеу орнын көрсете отырып, көздің типі, оның сипаттамалары және қайта тиеу орнын көрсету туралы аумақтық бөлімшеге (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабарлайды.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында

қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

182-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182. Радиациялық объектінің әкімшілігі тағайындайтын комиссия жылына бір рет мамандандырылған ұйымның көмуге тапсырған, сондай-ақ радиациялық объектіде орналасқан радиоактивті қалдықтардың санын есепке алудың дұрыс жүргізілуін тексереді.

Көмуге (сақтауға) тапсырылатын радиоактивті қалдықтардың партиясына " Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында көрсетілген нысан бойынша паспорттарды ресімдегеннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде жеке немесе заңды тұлғалар аумақтық бөлімшелерге паспорттардың көшірмесін ұсынады (жазбаша немесе электрондық нысанда).

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

188-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"188. Персоналдың сәулелену дозаларын жеке бақылау нәтижелері 50 жыл бойы сақталады. Жеке бақылау жүргізу кезінде жылдық тиімді және эквивалентті дозалардың, соңғы 5 жылдағы тиімді дозаның, сондай-ақ бүкіл кәсіптік қызмет кезеңі ішінде жинақталған жиынтық дозаның есебі жүргізіледі. Персоналдың жеке сәулелену дозаларының деректері "Иондаушы сәулеленудің техногендік көздерін қалыпты пайдалану жағдайларында персонал адамдарының сәулелену дозалары туралы мәліметтер" № 1-ДОЗА нысаны бойынша және "Радиациялық авариялар немесе жоспарланатын көтеріңкі сәулелену жағдайларында персонал адамдарының, сондай-ақ халық арасынан авариялық сәулеленуге ұшыраған адамдардың сәулелену дозалары туралы мәліметтер" № 2-ДОЗА нысаны бойынша ресімделеді және осы Санитариялық қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген №1 ДОЗА нысанын және № 2 ДОЗА нысанын жүргізу және толтыру тәртібіне сәйкес аумақтық бөлімшелерге ұсынылады (жазбаша немесе электрондық нысанда).";

193-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"193. Радиациялық бақылаудың нәтижелері дозалар шектерінің мәндерімен және бақылау деңгейлерімен салыстырылады. Бақылау деңгейлері жоғарылаған кезде радиациялық объектінің әкімшілігі талдау жүргізеді. Персонал үшін № ҚР ДСМ-71

бұйрықта белгіленген дозалар шектерінен немесе халықтың сәулелену квоталарынан арту жағдайлары туралы радиациялық объектінің әкімшілігі ол туралы аумақтық бөлімшені (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабардар етеді.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

233-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"233. № ҚР ДСМ-71 бұйрықта белгіленген нормативтен (5 мЗв/жыл) артуы анықталған жағдайда радиациялық объектінің әкімшілігі жұмыскерлердің сәулеленуін төмендету бойынша шаралар қабылдайды. Объектіде № ҚР ДСМ-71 бұйрықта көрсетілген нормативті сақтау мүмкін болмаған кезде тиісті жұмыскерлерді жұмыс жағдайлары бойынша техногендік сәулелену көздерімен жұмыс істейтін персоналға теңестіруге жол беріледі. Қабылданған шешім туралы объект әкімшілігі аумақтық бөлімшелерді көздің типі, оның сипаттамалары, зертханалық зерттеулер деректері туралы (жазбаша немесе электрондық нысанда) хабардар етеді. Еңбек жағдайлары бойынша техногендік сәулелену көздерімен жұмыс істейтін персоналға теңестірілген адамдарға "А" тобының персоналы үшін белгіленген радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша барлық талаптар қолданылады.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады."

4. "Денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіптік аурулардың және (немесе) уланудың, оның ішінде жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне байланысты кәсіптік ауруларға және (немесе) улануға күдіктенудің барлық оқиғаларын, оның ішінде жұмыс берушімен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін олардың анықталған жері бойынша кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін тіркеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-284/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21841 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіптік аурулардың және (немесе) уланудың, оның ішінде жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне байланысты кәсіптік ауруларға және (немесе) улануға күдіктенудің барлық оқиғаларын, оның ішінде жұмыс берушімен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін олардың анықталған жері бойынша кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін тіркеу тәртібінде:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыскердің жіті кәсіптік ауруы және (немесе) улануы туралы хабарламаны жазбаша немесе электрондық нысанда медициналық ұйым алдын ала диагноз қойылған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) және науқастың жұмыс орны бойынша ұйымның басшысына (жұмыс берушіге) жібереді.

Созылмалы кәсіптік ауру және (немесе) улану туралы алдын ала диагноз туралы хабарламаны жазбаша немесе электрондық нысанда медициналық ұйым алдын ала диагноз қойылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшеге және науқастың жұмыс орны бойынша ұйымның басшысына (жұмыс берушіге), сондай-ақ кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымына жібереді.

5. Жіті кәсіптік ауру және (немесе) улану диагнозы өзгерген немесе жойылған кезде медициналық ұйым жиырма төрт сағат ішінде жазбаша немесе электрондық нысанда аумақтық бөлімшеге және науқастың жұмыс орны бойынша ұйымның басшысына (жұмыс берушіге) жаңа хабарлама жібереді және осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленген, тігілген кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайларын есепке алу журналына тіркейді.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Созылмалы кәсіптік ауру туралы хабарлама диагноз қойылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша немесе электрондық нысанда аумақтық бөлімшеге, науқасты кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасына жіберген медициналық ұйымға және науқас зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен байланыста болған соңғы жұмыс орны бойынша жұмыс берушіге, оның ішінде осындай жұмыс берушімен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін жіберіледі.

9. Созылмалы кәсіптік ауру диагнозы өзгерген немесе жойылған кезде үш жұмыс күні ішінде кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға сараптама жүргізген кәсіптік денсаулық клиникасы жазбаша немесе электрондық нысанда аумақтық бөлімшеге, науқас зиянды және (немесе) қауіпті

өндірістік факторлармен байланыста болған соңғы жұмыс орны бойынша жұмыс берушіге және науқасты кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасына жіберген медициналық ұйымға жібереді.";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Созылмалы кәсіптік ауру анықталғаннан кейін науқастың деректерін кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға сараптама жүргізген кәсіптік денсаулық клиникасының мамандары осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленген, тігілген кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайларын есепке алу журналына тіркейді.

12. Кәсіптік денсаулық клиникасы жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күні халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес кәсіптік аурулар және (немесе) уланулардың барлық жағдайлары бойынша деректерді ұсынады (жазбаша немесе электрондық нысанда).";

көрсетілген тәртіпке қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакциядағы 2-қосымшамен толықтырылсын.

5. "Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидалары" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21862 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидаларында:

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1. Еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын (бұдан әрі – СЭС) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) жұмыскердің кәсіптік бағытын ескере отырып, жұмыс беруші ұсынатын құжаттар мен материалдардың және ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің, бақылау мен қадағалаудың қолда бар нәтижелерінің негізінде ресімдейді.

Ұйымның басшысы (жұмыс беруші) жұмыскердің кәсіптік бағытына сәйкес № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша кәсіптік ауруға және (немесе) улануға алдын ала диагноз туралы хабарлама алғаннан кейін немесе аумақтық бөлімшені хабардар еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы кәсіпорындағы

жұмыскердің еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын жасау үшін ақпарат жинау және дайындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырады. Комиссияның құрамына жұмыс берушінің өкілдері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің маманы (немесе жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жауапты етіп тағайындаған адам), кәсіпорынның медицина қызметкері, кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйымның маманы, кәсіподақ өкілі, зардап шеккен жұмыскер және (немесе) не даулы жағдайларда немесе Комиссия шешімі бойынша жұмыскердің ауруының бейіні бойынша мамандар болып табылатын біліктілік санаты (ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі) бар кәсіптік патолог-дәрігерлерді немесе жұмыс берушінің есебінен санитария, гигиена және эпидемиология, қоғамдық денсаулық сақтау, кәсіптік патология саласында ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі бар ғылыми қызмет ұйымдарының мамандарын тарта отырып жұмыскердің өкілі, сондай-ақ аумақтық бөлімшенің маманы кіреді.

Комиссия он жұмыс күні ішінде осы кәсіпорындағы барлық кәсіптік бағыт үшін жұмыскердің жұмыс орнындағы (учаскесіндегі, цехындағы) (не оған ұқсас жұмыс орындарындағы) еңбек жағдайларын сипаттайтын қажетті құжаттар мен материалдарды, оның ішінде мұрағаттық деректерді:

- 1) өндірістік бақылау материалдарын;
- 2) өндірістік объектіні еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау материалдарын;
- 3) аумақтық бөлімшелер мен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін тексерудің материалдары мен нәтижелерін;
- 4) жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, арнайы тергеп-тексеру материалдарын;
- 5) жүргізілген медициналық қарап-тексерулер туралы мәліметтерді, амбулаториялық карталарды;
- 6) мерзімдік медициналық қарап-тексеру барысында анықталған науқастарды сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- 7) нұсқамаларды тіркеу журналдарынан және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыскердің білімін тексеру хаттамаларынан үзінді көшірмелерді;
- 8) қызметкерге жеке қорғаныш құралдарының берілгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 9) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтардан, ережелерден, бұйрықтардан және басқа да актілерден үзінді көшірмелерді, өндірістегі саламатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін лауазымды адамдардың міндеттері мен жауаптылығын және басқаларды;
- 10) зардап шеккен адамның денсаулығының зақымдану сипаты мен ауырлығы туралы медициналық қорытындыны;
- 11) аллергиялық сипаттағы кәсіптік ауруға күдіктену кезінде жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған (егер бар болса) заттың атауы, орау күні көрсетілген

мөрленген қаптамада жұмыскердің еңбек қызметі жүзеге асырылған химиялық заттар мен қосылыстарды жинауды жүргізеді.

Жұмыскердің еңбек жағдайларын сипаттайтын деректер болмаған не толық болмаған кезде жұмыс беруші өндірістік бақылау деректерін ескере отырып, жұмыскердің жұмыс орнындағы немесе оған ұқсас жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын бағалау мақсатында жұмыскердің жұмыс орнының химиялық және физикалық факторларына (жұмыс ерекшелігіне байланысты) өз қаражаты есебінен қажетті зертханалық-аспаптық және гигиеналық-физиологиялық зерттеулер жүргізеді.

Жұмыс беруші Комиссия жинаған қажетті құжаттар мен материалдарды 3 (үш) жұмыс күн ішінде аумақтық бөлімшеге жазбаша немесе электрондық нысанда ұсынады, ол ұсынылған ақпарат және өзінде бар мәліметтер (оның ішінде осындай және (немесе) оған ұқсас өндірістер не учаскелер (цехтар) жұмыскерлерінің кәсіптік аурулары жағдайларын тергеп-тексеру актілері, санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің, бақылау мен қадағалаудың мұрағаттық нәтижелері) негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде СЭС жасайды және оны № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша кәсіптік ауруға және (немесе) улануға күдік туралы хабарлама ұсынған медициналық ұйымға және жұмыс берушіге жібереді, үшінші данасы аумақтық бөлімшеде қалдырылады.

СЭС жасау үшін ақпарат жеткіліксіз ұсынылған жағдайда аумақтық бөлімше 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіні мерзімдері көрсетілген жазбаша немесе электрондық нысанда қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы хабардар етеді, оны жұмыс беруші жазбаша немесе электрондық ақпараттандыруды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде ұсынады.

Егер кәсіптік аурудың және (немесе) уланудың туындауы әртүрлі аумақтық бөлімшелердің бақылауындағы объектілердегі жұмысқа байланысты болса, онда кәсіптік ауруға күдікті адамның соңғы жұмыс орны бойынша аумақтық бөлімше ресми сұрау салулар бойынша тиісті аумақтық бөлімшелерден және басқа да ұйымдардан (жұмыс берушілерден) алынған материалдар негізінде СЭС жасайды. Сұрау салуды алған ұйымдар 10 (он) жұмыс күні мерзімінде СЭС жасау үшін талап етілген құжаттардың көшірмелерін ұсынады.";

18-тармақ 3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияды жазылсын:

"еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасында жұмыс процесінің деректері болмаған немесе толық болмаған жағдайда кәсіптік денсаулық клиникасының басшысы аумақтық бөлімшелерге еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасына толықтыруға сұрау береді (жазбаша немесе электрондық нысанда);";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Қосымша деректер алу қажет болған жағдайда РКПШСК осы Қағидалардың 15-тармағының 3-6-тармақшаларында көрсетілген кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік)

міндеттерін орындаумен байланысына сараптама жүргізу үшін пациенттің тіркелген жері бойынша қызмет көрсететін кәсіпорынның медициналық ұйымдарынан, кәсіптік патология кабинеттерінен, аумақтық бөлімшелерден, жұмыс берушіден жазбаша немесе электрондық нысанда ақпарат сұратады. РКПШСК сұрау салуын алғаннан кейін медициналық ұйым, жұмыс беруші, аумақтық бөлімше ақпаратты 10 күнтізбелік күн ішінде РКПШСК-на жібереді.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Созылмалы кәсіптік ауру алғаш рет анықталған кезде кәсіптік денсаулық клиникасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік ауру туралы хабарлама ресімдейді және 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша немесе электрондық нысанда жұмыскердің кәсіптік маршрутына сәйкес жұмыс берушілерге, СЭС берген аумақтық бөлімшеге және кәсіптік ауруға (алдын ала диагноз) күдікті анықтаған медициналық ұйымға жібереді.".

6. "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

381-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"381. Ұйымдастырылған балалар ұжымдарын жөнелту, олардың келу және жол бойындағы теміржол станцияларында анықталған науқастар туралы ақпаратты поездың бастығы жол жүру маршруты бойынша жақын жердегі вокзалдың медициналық пунктіне және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне осы Санитариялық қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес ауру жағдайы анықталған сәттен бастап 3 (үш) сағат ішінде жазбаша немесе электрондық нысанда береді.";

406-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"406. Улы және күйдіргіш заттарды түсіргеннен кейін көлік құралы тасымалданатын жүктердің қалдықтарынан тазартылады, қажет болған кезде жуылады және залалсыздандырылады.

Түсіру кезінде ыдыстың зақымданғаны, шашылған немесе төгілген жүк, қауіпті зат иісінің бар екендігі анықталса жүк алушының өкілі шақырылады және 1 (бір) сағат ішінде көлік құралын зарарсыздандыру мәселесі шешіледі, сондай-ақ осы Санитариялық қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес жазбаша немесе электрондық нысанда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары хабардар етіледі.";

413-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"413. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде авариялық жағдай туындаған жағдайда осы Санитариялық қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес жазбаша немесе электрондық нысанда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі 1 (бір) сағат ішінде хабардар етіледі.";

осы Тізбеге 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес редакциядағы 26, 27 және 28-қосымшалармен толықтырылсын.

7. "Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22833 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) медициналық ұйымдардың ЖРВИ-мен, тұмаумен сырқаттанушылықтың жай-күйі және олардың асқынулары (пневмония), сондай-ақ олардан болған өлім-жітім туралы ақпаратты жазбаша немесе электрондық нысанда аумақтық бөлімшелерге ұсынуын;"

20-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 0-4, 5-14, 15-29, 30-64, 65 және одан жоғары жас топтары және науқастарды зертханалық зерттеп-қарау бойынша тұрғындардың ЖРВИ және ТТА бойынша жүгінуі

туралы деректерді аумақтық бөлімшелерге ауызша немесе электрондық нысанда апта сайын ұсыну;"

8. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

133-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"133. Медицина қызметкерлері және объектілердің әкімшілігі:

8) жыл сайын және сұрау салу бойынша сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізу, денсаулық жағдайы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бөлу (денсаулық топтары), дене бітімінің дамуы, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру топтары бойынша ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне жазбаша немесе электрондық нысанда ұсынады;"

9. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

146-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Объектілердің медицина қызметкерлері мен әкімшілігі:

2) жыл сайын және сұрау салу бойынша сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізу, денсаулық жағдайы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бөлу (денсаулық топтары), дене бітімінің дамуы, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру топтары бойынша ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне жазбаша немесе электрондық нысанда ұсынады;"

10. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

101-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"101-1) осы бұйрыққа 101-1-қосымшаға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды тіркеу журналының нысаны;"

146) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"146) осы бұйрыққа 146-қосымшаға сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді тіркеу журналының нысаны;"

көрсетілген бұйрыққа 101-1 қосымша осы Тізбеге 6 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 146-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

11. "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25151 болып тіркелген) мынандай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. Құтыру вирусын жұқтыру тәуекеліне ұшыраған (жануарлардың тістеуі, тырнауы немесе сілекейлеуінен, сондай-ақ құтырудан өлген жануарларды бөлшектеу кезінде зардап шеккен) адамдарды анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары олар туралы телефон арқылы 3 сағат ішінде аумақтық бөлімшеге және ЖАО-ның ветеринариялық бөлімшесіне хабарлайды, кейіннен "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-153/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21532 болып тіркелген) бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шұғыл хабархатты қағаз түрінде

немесе электрондық пошта арқылы не халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жібереді.";

135-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

